

Қарабұлақ ауылының шегін өзгерту туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихат сессиясының 2009 жылғы 17 наурыздағы N 18-195/IV шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 17 наурыздағы N 4 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 6 сәуірде N 14-10-115 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 108 – бабының 5 - тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШТІ**, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1. Қарабұлақ ауыл округі аумағынан жалпы көлемі 60,0 гектар жер телімі алынып, Қарабұлақ ауылының шегіне енгізілсін.
2. Жалпы көлемі 60,0 гектар жер телімі қосылып, Қарабұлақ ауылының шегі өзгертілсін.
3. Осы бірлескен шешім және қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

M. Оспанбеков

Аудан әкімі

M. Әлі

Аудандық мәслихаттың

хатшысы

T. Төлендиев